**№81 «Astana English school» мамандандырылған гимназиясы**

**2019-2020 оқу жылында «Адал ұрпақ» клубының өткізген іс –шаралары туралы**

**Анықтама**

Нұр-Сұлтан қаласы Білім басқармасы басшысының 2019 жылғы 29 тамыздағы № 512 бұйрығына сәйкес ақша жинауға жол бермеу мақсатында мектеп ұжымына «Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің ата-аналарынан ақшалай қаражат жинауға тыйым салу туралы» бұйрығы таныстырылып, қол қойылды. Қыркүйек айында сыбайлас жемқорлыққа байланысты жұмыс жоспары жасалып, бекітілді. Бекітілген жоспар бойынша мектепте әр түрлі іс –шаралар ұйымдастырылып отырады.

| № | Өткізілген іс – шара атауы | Іс – шара туралы | Фото |
|---|---|---|---|
| 1 | **Театрланған көрініс** | Оқушыларға адам құқықтары жайлы түсініктерін қалыптастыру, қоғамның әр-түрлі орталарындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын – алу, профилактикалық жұмыстарын насихаттау, шәкірттердің еркін сөйлеуіне, қоғамға деген өз ой - пікірлерімен санасуға жағдай жасау мақсатында 5-8- сынып оқушылары арасында театрландырылған көріністен байқау өткізілді. |   |

Created by Universal Document Converter

| | | | |
|---|---|---|---|
| 2 | **«Біздің таңдауымыз-құқықтық мемлекет»** атты тәрбие сағаты | Оқушыларға құқықтық білімнің негізін түсіндіру, жас балалар арасында құқықтық мәдениетті қалыптастыру, адамзат құндылығын, жеке бас бостандығын сыйлауға, өз құқықтары мен міндеттерін білуге тәрбиелеу. |   |
| 3 | **«Адал және сатылмайтын еңбек бейнесі»** атты оқушылар арасында сурет байқауы. | Оқушыларға адал еңбек, тура жолмен жүру, шындыққа үйретуді шығармашылық арқылы кеңінен насихаттау мақсатында 5-8- сынып оқушылары арасында «Адал және сатылмайтын еңбек бейнесі» тақырыбында суреттер байқауы ұйымдастырылды. |    |
| 4 | **«Жемқорлыққа жол жоқ!» дәріс сабағы** | Оқушыларға сыбайлас жемқорлықтың мемлекетке әсері туралы, елдің болашақ дамуына елеулі қауіп төндіретіндігіне тоқталды. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңының баптарымен және қолданатын жазаларымен таныстырып өтті. Оқушылардың |  |

Created by Universal Document Converter

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | сұрақтарына жауап беріп, назарларына «Жемқорлыққа жол жоқ!» тақырыбында бейне ролик көрсетілді. |   |
| 5 | **«Қылмыс және жеткіншек, қылмыс үшін заң алдында жауапкершілік бірдей»** | «Қылмыс және жеткіншек, қылмыс үшін заң алдында жауапкершілік бірдей» тақырыбында жиналыс өткізді.<br>Мектеп инспекторы құқықбұзушылықтың алдын- алу тақырыбында **«Зиянды әдеттерден аулақ бол»** атты баяндама оқылды. Баяндама барысында ұлдар мен қыздарға және олардың жас ерекшелігіне байланысты темекі шегу, ішімдік түрлеріне, есіркіге әуес болмаулары туралы атап өтті. Сыныптардың тәртібін, қоғамдық ортада өздерін мәдениетті ұстай білуге, зиянды әдеттерден аулақ болуға және мектепішінде орын алған құқықбұзушылық жағдайларда оқушыларды |    |

Created by Universal Document Converter

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | жауапкершілікке тартылатындығы туралы айтып өтті. | |
| 6 | **Адалдық сағаты** | https://www.facebook.com/100004713377014/posts/1356779717822461/?d=n<br>https://www.instagram.com/p/B7amflJpIpB/?igshid=8u3191arw4x1<br>https://www.instagram.com/p/B4h-VJvpkGW/?igshid=1km3if8lwppzp<br>https://www.instagram.com/p/B5NoLGFJBzv/?igshid=sntq6pb0mlu2 | |

Мектеп оқушыларының арасында бопсалауды болдырмаудың алдын алу мақсатында психологтар тарапынан сауалнама алынып, қорытындысы шығарылды. Күнделікті оқу процесінде жемқорлыққа жол бермеу мәселелері үнемі қадағаланып отырады.

Білім беру ұйымдарында ата-аналардан ақша жинау туралы фактілерінің орын алуын болдырмау мақсатында мұғалімдермен, сынып жетекшілермен үнемі жиналыстар өткізіліп, түсінік жұмыстары жүргізіліп тұрады.

Анықтама беруші Абдыгалиева Г.А

Created by Universal Document Converter